

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ
ЭКОНОМИКА И ПРАВО
ECONOMICS AND LAW

FTAMP 06.71.09

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ КӨЛІК КЕШЕНІН ЖЕТІЛДІРУ АСПЕКТИЛЕРІ

М.Е. ЕҢСЕПОВ, Г.Т. КУНУРКУЛЬЖАЕВА

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Ақтөбе облысының көлік жүйесінің жағдайын талдау негізінде басымды бағыттар айқындалып, талданады. Ақтөбе облысының көлік кешенін басқару ерекшеліктері және оның қазіргі жағдайы сипатталады, көліктік-логистикалық орталықтар, автомобильдік жолдар сапасы, жолаушылар және жүк тасымалдау аспектілері қарастырылады, болашақ жоспарларға талдау жүргізіледі. Қазақстан Республикасының инфрақұрылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы бойынша өңірлердегі көлік кешенінің аспектілері қарастырылады. Талдаудың негізінде жасалған тұжырымдар мен ұсыныстар Ақтөбе облысының көлік кешенін басқаруды дамыту бағыттарына негізделген.

Түйін сөздер. Көлік жүйесі, көлік кешені, көлік инфрақұрылымы, жолаушылар тасымалдау, жүк тасымалдау, агломерациялық интеграция.

Аннотация. В статье на основе анализа состояния транспортной системы Актыбинской области определены и анализируются приоритетные направления. Описывается состояние, особенности управления транспортным комплексом Актыбинской области, рассматриваются транспортно-логистические центры, качество автомобильных дорог, аспекты пассажирских и грузовых перевозок, проводится анализ перспективных планов. По государственной программе инфраструктурного развития Республики Казахстан «Нұрлы жол» на 2020 – 2025 годы рассмотрены аспекты транспортного комплекса в регионах. Выводы и предложения, сделанные на основе анализа, основаны на направлениях развития управления транспортным комплексом Актыбинской области.

Ключевые слова. Транспортная система, транспортный комплекс, транспортная инфраструктура, пассажирские перевозки, перевозки грузов, агломерационная интеграция.

Abstract. In the article, based on the analysis of the state of the transport system of the Aktobe region, priority directions are identified and analyzed. The state and management features of the transport complex of the Aktobe region are described, and long-term plans are analyzed. Transport and logistics centers, road quality, and aspects of passenger and cargo transportation are described. According to the state program of infrastructure development of the Republic of Kazakhstan "Nurly Zhol" for 2020 – 2025, aspects of the transport complex in the regions are considered. Conclusions and suggestions made on the basis of the analysis are based on the directions of development of the transport complex management in Aktobe region.

Key words. Transport system, transport complex, transport infrastructure, passenger transportation, cargo transportation, agglomeration integration.

Қаланың және жекелеген өңірдің көлік жүйесі мемлекеттің қалыпты және тиімді түрдегі тіршілігін қамтамасыз етудің жалпы жүйесіне кіреді және жоғары деңгейдегі инфрақұрылымдық маңызыға ие болады. Сонымен қатар, қаланың, агломерациясының көлік кешені халық шаруашылығының барлық салаларының тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар жасайтыны анық. Көліктің халық пен бизнеске қызмет атқаруы және жалпы дамуы саласындағы мемлекеттің негізгі міндеті ретінде жалпы экономикалық өсуге жағдай жасау, сапалы көліктік сервиске қол жетімділікті қамтамасыз ету, нақты аймақтың географиялық ерекшеліктерін оның пайдасына айналдыру арқылы ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін және халықтың өмір сүру сапасын арттыру ретінде анықталған.

Ірі қалалық агломерациялардың интеграцияланған көліктік кешенін дамыту мемлекеттік басқарудың маңызды бөлігі, ол қала құрылысы, жерді пайдалану және көлік саласындағы басқару органдарының үйлестірілген әрекеттерін талап етеді [1].

Қаланың көліктік жүйесінің даму стратегиясы оның жалпы даму жоспарымен, инфрақұрылымдық ерекшеліктермен және басым көлік түріне байланысты болады (1-сурет).



1-сурет. Қаланың көлік жүйесінің даму стратегиясы

1-суретте көрсетілген қаланың көліктің жүйесінің даму стратегиясының негізгі көрсеткіштеріне әсер ететін көліктік қызмет көрсету тасымалдаулардың бірнеше маңызды заңдылықтары бар: көлік түрін қолданудың мүмкіндігі және оған баламалы нұсқалардың болуы. Сонымен қатар, белгілі бір көлік түрін ауыстырудың көрсеткіші агломерациясының көлеміне байланысты анықталады: агломерация неғұрлым үлкен болса,

соғұрлым ол жоғары болады [2]. Ақтөбе қаласының көлемі - 428,469 км², яғни орташа қала санатына сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасының инфрақұрылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес еліміздің және жекелеген өңірлердің даму мүмкіндіктері айқындалған. Оның біріншісі – Қытай мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің, оның ішінде Азия аймақтарының экономикалық дамуының жоғары деңгейі арқылы транзиттік айналымды көбейту. Қытай Халық Республикасы және Азия мемлекеттерінің экономикаларының қарқынды түрде өсуі, және одан қалыптасатын Батыс Еуропа елдеріне континенттің жүк тасымалдау көлемін ұлғайтуға сұраныс – Қазақстан Республикасы территориясы арқылы транзиттік жүк тасымалдарын ұлғайту потенциалы бар екендігін дәлелдейді. Бұл потенциалды жүзеге асыру, бірінші ретте, автомобиль және темір жол көлігінің жылжымалы құрамын, инфрақұрылымдық кешенін дамытуға және оларға ұсынылатын ілеспе қызметтер деңгейін арттыруға әсер ететіні анық [3].

Мемлекет тарапынан институционалдық сипаттағы және елеулі көлемдегі қаржылық қолдау (оның ішінде лизинг бойынша үлкен жеңілдіктер жүйесі және пайыздық мөлшерлемені субсидиялау жолымен азайту) жылжымалы құрамдарды жаңарту белсенділігін арттыру және көліктік құрамның тозу көрсеткішін төмендету бойынша мүмкіндіктерді қалыптастырады.


Ақтөбе қаласы арқылы жоғарыда атлаған транзиттік Батыс Еуропа – Батыс Қытай дәлізі және еліміздің 6 негізгі көліктік бағыттарының бірі – Шымкент-Қызылорда-Ақтөбе-Орал-Самара тас жолы өтеді. Осыған сәйкес, Қазақстанның ірі қалаларында көліктік-логистикалық орталықтар желісін қалыптастыруды іске асыру шеңберінде жұмыстар жүргізілуде. Жалпы, мемлекеттік реттеу және стратегиялық жоспарлау өңірдің көліктік архитектурасымен оның болашақтағы даму перспективасын айқындайтыны белгілігі [4]. Көлік-логистикалық орталықтардағы терминалдық кешендер облыстардың және агломерациялардың орталықтары үшін хаб функциясын атқарады, олар тауарларды қабылдау және сақтау, қайта өңдеу және шоғырландыру үшін көліктік инфрақұрылым қалыптастырады. Алдағы уақытта өңірлік логистикалық орталықтар кешендері Нұр-Сұлтан қаласында «шұғыла қағидаты» бойынша орталық хабпен интеграциялық байланыста болады. Қазақстанның географиялық жағдайын ескере отырып, агломерациялық көліктік-логистикалық орталықтар кешені тасымалдаудың жылдамдығы және тиімділігін арттыруда стратегиялық рөлді атқаратыны сөзсіз.

Ақтөбе қаласының аумағында 2018 жылдың желтоқсанында индустриалды аймақ ауданында «Компания Фаэтон» ЖШС көліктік-логистикалық орталығы пайдалануға берілді.

Инвестиция көлемі – 3 млрд. теңгені құрап, 120 жұмыс орны құрылды. 2019 жылы КЛЮ жүйесінің жүк айналымы жылына 870 мың текше метрді құрады. Ал тауар өңдеу мен көліктік қызмет кешенін көрсетудің жоспарланған жылдық айналымы 520 млн. теңгені құрамақ [5].

Сонымен қатар, «KTZ Express» АҚ Ақтөбе қаласының аумағында жылына 1 млн.тонна жүк айналымына ие болатын көліктік-логистикалық орталық құрылысын жоспарлап отыр. Ақтөбе қаласының әкімдігі Ақтөбе қаласының халықаралық әуежайы ауданында 40 га жер учаскесін табыстады.Транзиттік сауда үшін мультимодальды, интермодальды көлік және қызметтерді дамытуды ынталандыру ірі қалалар-хабтардың көтерме және бөлшек тарату орталықтары (CRC) құру үшін жобалар кешенін іске асыруды жалғастыру қажет. Атап айтқанда, халықаралық және транзиттік бағыттар ашу арқылы Нұр Сұлтан, Ақтөбе, Атырау, Ақтау, Алматы халықаралық рейстерді ұлғайту, қазақстандық әуе тасымалдаушылар паркін жаңғырту арқылы транзит сервистік инфрақұрылымды дамыту жоспарлануда.Транзиттік әдеуетті арттыру үшін Ақтөбе агломерациясының аумағындағы қала территориясына енбей, айналып өтетін транзиттік бағыттар бойынша айналма жолдар салынды.

Ақтөбе облысындағы автомобиль жолдарының сапасы – өңірдегі өзекті мәселердің бірі. 2-суретте облыстағы автомобиль жолдарының сапа бойынша 2017-2020 жылдардағы көрсеткіштері көрсетілген.



2-сурет. 2017-2020 жылдардағы Ақтөбе облысындағы жағдайы жақсы және қанағаттанарлық жолдар үлесі

2-суретте көрсетілген жағдайы жақсы және қанағаттанарлық жолдар үлесінің жыл сайын артып келе жатқаны айқын байқалады: 2019 жылдан 2020 жылға республикалық маңызы бар жолдар 2%-ға, жергілікті жолдар 3,5%-ға, облыстық және аудандық 2%-ға артты.

Ақтөбе облысында тасымалдау көлемінің негізгі бөлігі (90,5 %) автомобиль көлігімен жүзеге асырылады. Облыс бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдауды жеке меншік нысанындағы 28 тасымалдаушы жүзеге асырады. Барлығы 85 бағыт жұмыс істейді, оның ішінде 50 қалалық, 26 облыс ішілік, 3 облысаралық және 6 халықаралық бағыттар, облыстың елді мекендерінің Ресей – Орск, Орынбор, Самара, Новотроицк, Қазан, Санкт - Петербург қалаларымен байланысын қамтамасыз етеді. Қазіргі маршруттарға 600-ден астам автобус бекітілген [5].

Тұрақты көлік қатынасы Ақтөбе қаласынан облыстың барлық аудан орталықтарына ұйымдастырылған. Қазіргі уақытта Ақтөбе-Ойыл және Ақтөбе-Ырғыз бағыттары бойынша, тасымалдаушылардың шығындылық себебі бойынша өтініштері негізінде, тұрақты рейстер жүзеге асырылмайды.

Ақтөбе облысында жолаушылар тасымалы саласының негізгі проблемасы – автобус парктерінің жылжымалы құрамның тозуы, яғни қала бойынша орташа есеппен 60% және облыс ішілік бағыттарда 75% болып отыр [5]. Өз қаржысының жетіспеуіне байланысты тасымалдаушылардың автобус парктерінің жылжымалы құрамы іс жүзінде толық жаңартылмайды. Қазіргі уақытта «ҚДБ – Лизинг» АҚ арқылы қаржылық лизинг механизмі бойынша «ПАТП» ЖШС автопаркінен әрі жаңарту мәселесі қарастырылуда.

Қарастырылған көлік кешенінің мәселелерін ескере отырып, облыстың көлік кешенін жетілдіру бойынша келесідей мүмкіндіктер қалыптасады – мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес жылжымалы құрам және инфрақұрылымды жаңартудың шараларын одан әрі ұлғайту, қазіргі заманғы есепке алу, бақылау және диспетчерлендіру құралдарын толық деңгейде енгізу және трекингтік жүйенің халық пен бизнес субъектілеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету. Көліктік-логистикалық орталықтарды жалпы агломерациялық көлік кешеніне тиімді интеграциялау. Сонымен қатар, көлік, транзиттік жүк және жолаушылар ағынын болжаудың және оны реттеудің, басқарудың, яғни көліктік моделдеу, имитациялық модельдеу секілді қазіргі талапқа сай құралдарды пайдалануды арттыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Солодкий, А. И. Транспортная инфраструктура: учебник и практикум для вузов / А. И. Солодкий, А. Э. Горев, Э. Д. Бондарева. — Москва : Издательство Юрайт, 2020. — 290 с. — (Высшее образование). — ISBN 978-5-534-00634-6. — Текст : электронный // ЭБС Юрайт [сайт]. — URL: <https://urait.ru/bcode/450644> (дата обращения: 04.05.2020).

2. И.Н. Макаров. Теоретико-методологический подход к разработке стратегии и инструментария оптимизации транспортных систем крупных городов и агломераций / ВЕСТНИК ИРГТУ Том 22, № 10 2018.

3. Қазақстан Республикасының инфрақұрылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы. – URL:<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001055> (дата обращения: 04.05.2020).

4. Ershova S., Smirnov E. Conceptual Justification of Town-Planning Design Standards for Streets and Roads in Large Cities for Ensuring Traffic Safety. Transportation Research Procedia, 20. 2017. P. 180–184.

5. «Ақтөбе облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ақпараты. – Ақтөбе, 2020ж.

МРНТИ 71.37.75

РЕКРЕАЦИОННОЕ ПРИРОДОПОЛЬЗОВАНИЯ КАК ФАКТОР ОРГАНИЗАЦИИ ТУРИЗМА АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

М.Ж. ОМИРЗАКОВА, Е.СЕМИНАР

АРГУ им. К.Жұбанова, г. Ақтөбе, Казахстан

Аңдатпа. Мақалада табиғатты пайдалану мәселелері және оның Ақтөбе облысындағы туризмді ұйымдастыруға әсері қарастырылған. Аймақтың туристік-рекреациялық ресурстарының ерекшеліктері және туристік қызмет көрсетудің мамандандырылған аймақтарын қалыптастыру мәселелері талданады. Мақалада сонымен қатар Ақтөбе облысының туристік әлеуетін аймақтар бойынша бағалау қарастырылған.

Түйінді сөздер: туризмді ұйымдастыру; туристік әлеует; демалыс; табиғатты пайдалану;

Аннотация. В статье рассмотрены вопросы природопользования и его влияние на организацию туризма в Актобинской области. Проанализированы особенности туристско – рекреационных ресурсов региона и проблемы формирования специализированных регионов туристского обслуживания. Так же статья включает в себе оценку туристического потенциала Актобинской области по регионам.

Ключевые слова: организация туризма; туристский потенциал; рекреация; природопользования;

Abstract. The article considers the issues of nature management and its impact on the organization of tourism in the Aktobe region. The article includes features of problems in recreational and tourism service in given region. The article offers estimation of tourism potential in Aktobe region.

Key words: organization of tourism; tourist potential; recreation; nature management;

«Зеленая» экономика – это система видов экономической деятельности, связанных с производством, распределением и потреблением товаров и услуг, которые приводят к повышению благосостояния человека в долгосрочной перспективе, при этом не подвергая